




Тақырыбы:



*“Квадраттық теңдеуді
формуласы
бойынша шешу”
тақырыбы
бойынша есептер шығарту.*

Сабақтың мақсаты:

Сабақтың типі:

Сабақтың түрі:

Сабақтың әдісі:

Сабақтың көрнекілігі:

1) *білімділік: Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру. Формулаларды пайдалана отырып Квадрат теңдеулерді шешуге үйрету.*

2) *дамытушылық: Оқушылардың есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту, сол арқылы олардың алған білімдерін толықтыру.*

3) *тәрбиелік: Жас жеткіншектерді ұйымшылдыққа, бір-бірін сыйлауға, жауапкершілік дағдыны қалыптастыруға үйрету.*

Сабақтың мақсаты:

Сабақтың типі:

Сабақтың түрі:

Сабақтың әдісі:

Сабақтың көрнекілігі:

*Оқушылардың алған
білімдерін бекіту сабағы*

Сабақтың мақсаты:

Сабақтың типі:

Сабақтың түрі:

Сабақтың әдісі:

Сабақтың көрнекілігі:

Сайыс сабақ

Сабақтың мақсаты:

Сабақтың типі:

Сабақтың түрі:

Сабақтың әдісі:

Сабақтың көрнекілігі:

Ойын, топтық сабақ

Сабақтың мақсаты:

Сабақтың типі:

Сабақтың түрі:

Сабақтың әдісі:

Сабақтың көрнекілігі:

*“Қатесін табыңдар”,
“Кестені толтыр” таблицалары,
үлестірме қағаздар.*

Сабақтың өту барысы:

- I. Ұйымдастыру кезеңі.*
- II. Ойын: “Кестені толтыр.”*
- III. Капитандар сайысы.*
- IV. Тест тапсырмалары.*
- V. Ойын: “Істі білгірлер жүргізеді.”*
- VI. Есептер шығарту.*
- VII. Сабақты қорытындылау.*
- VIII. Оқушыларды бағалау.*

I. Ұйымдастыру кезеңі:

а) оқушылардың сабаққа қатысуын түгелдеп, олардың назарын сабаққа аудару.

ә) Пән мұғалімдерінен қазылар алқасын тағайындау.

II. Жаңа сабақ:

а) Сабақтың мақсатын түсіндіру.

ә) Сынып оқушыларын екі топқа бөліп, топ басшыларын сайлау.

б) Топ мүшелерін сабақ жоспарымен таныстыру.

III. Ойын: “Кестені толтыр”

1 - топ

Р.с.	Теңдеу	a	b	c
1.	$4x^2 + 7 = 0$			
2.	$8x - 2x^2 + 1 = 0$			
3.	$9x^2 = 0$			
4.	$-6x^2 + 5x = 0$			
5.	$x^2 - 3x + 5 = 0$			

2 – топ

Р. с.	Теңдеу	a	b	c
1.	$7x^2 + 6x - 5 = 0$			
2.	$-x^2 - 4x - 1 = 0$			
3.	$5x^2 = 0$			
4.	$3x^2 - 7 = 0$			
5.	$4x^2 - 2x = 0$			

ІҮ. Тест тапсырмалары:

Тақтада 8 квадраттық теңдеу ілінген. Әрбір тапсырма дауыстан екі рет оқылады. Оқушылар жауаптарын дәптерлеріне жазады.

1) $2x^2 - 8x + 4 = 0$

2) $3x^2 + 4x - 1 = 0$

3) $4x^2 - 8 = 0$

4) $x^2 - 10x + 100 = 0$

5) $5x^2 + 6x = 0$

6) $x^2 - 8x + 12 = 0$

7) $3x^2 = 0$

8) $14 - 2x^2 + x = 0$

Тапсырмалары:

*а) толық квадраттық теңдеудің нөмірлерін жазыңдар.
ә) 8 – інші квадраттық теңдеудің коэффициенттерін жазыңдар.*

*б) Бір ғана түбірі бар толымсыз квадрат теңдеу қайсы?
в) 5 – інші теңдеудің коэффициенттерін жазыңдар.
г) 6 – ыншы теңдеудің дискриминанты неге тең және теңдеудің түбірлер саны нешеу?*

Ү. Ойын: "Істі білгірлер жүргізеді"
Күрделі істі тапсырмас бұрын, із кесушілерді ең әуелі тексеруден өткізу керек. Ол үшін сендерге бірнеше тапсырма беріледі.

I тапсырма:

Теңдеу шешудегі қатені табыңдар.

$$x^2 - 6x - 16 = 0$$

$$a = 1, \quad b = -6, \quad c = -16$$

$$D = b^2 - 4ac = (-6)^2 - 4 \cdot 1 \cdot (-16) = 36 + 64 = 100$$

$$x_1 = (6 - 10)/2 = 4/2 = 2,$$

$$x_2 = (6 + 10)/2 = 16/2 = 8$$

Жауабы: $x_1 = 2$; $x_2 = 8$

Қатені есептің ең басынан бастап іздейсіңдер.

III тапсырма:

*Әрбір оқушы үшін ең қиын да маңызды іс – үй тапсырмасының орындалуы болып табылады. Егер үй тапсырмасы дұрыс орындалған болса, онда әрқайсысының сабақ барысында өздеріңді еркін сезінесіңдер. Ал, үй тапсырмасы осы бөлменің ішінде жасырылған, соны табу керек. Егер сендер мына $x - 7x + 10 = 0$ теңдеуін дұрыс шешсеңдер,
 x_1 – үй тапсырмасы жасырылған партаның нөмірін, ал x_2 – қатарын білдіреді (қатар терезе жақтан басталады).*

*Үй тапсырмасының дұрыс жауабы тақтаға ілініп,
Оқушылар үй тапсырмасын тексеріп, өзін - өзі бағалайды.*

Үй тапсырмасы: № 184 есеп

$$13) 16x^2 + 8x + 1 = 0$$

$$D = 64 - 4 \cdot 16 \cdot 1 = 0$$

$$x_{1,2} = (-8)/32 = - (1/4).$$

$$14) 2p^2 + 7p - 30 = 0$$

$$D = 49 - 4 \cdot 2 \cdot (-30) = 49 + 24 = 289$$

$$x_1 = (-7+17)/4 = 10/4 = 2.5$$

$$x_2 = (-7-17)/4 = -(24/4) = -6$$

III тапсырма:

Енді мына теңдеудің $x^2 + 13x - 5 = 0$ дискриминантын есептесеңдер, ол сендердің оқулықтарыңдағы есептің нөмірін көрсетеді.

Осы есепті үйге аласыңдар.

Шешуі : $x^2 + 13x - 5 = 0$

$D = 169 - 4 \cdot 1 \cdot (-5) = 189.$

Сонымен, үйге № 189 есеп.

ҮІ. Есептер шығарту.

*ҮІІ. Сабақты қорытындылап,
жеңіске жеткен топты анықтау.*

ҮІІІ. Оқушыларды бағалау.